

Келісемін:

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі
орынбасары А.Б. Омарова

Бекітемін:

Мектеп директоры
Л.А. Биримжанова
«14 9 09» 2023 ж

«Ақмола облысының білім басқармасының Жаңы ауданы бойынша білім болімі Жаңа Қима ауылының
Ғұбайдолла Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша

2023-2024 оку жылына арналған

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Директордың жаңындағы кеңесте қарастырылды

«19 » 09 2023 жыл хаттама

№1

Өскелен жас үрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас үрпақ, ал үрпақ тәрбиесі адамзаттың мәнгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен занды мұddeлерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру үйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, үрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл ұлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел біrlігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абырайлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстаяға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адаптацияның қорғауды борышым деп санайды және үздік мәдениеттің құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адаптацияның қорғауды борышым деп санайды және үздік мәдениеттің құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашып және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адаптацияның қорғауды борышым деп санайды және үздік мәдениеттің құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігіннегайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес косу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мұддесінекізмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінкізмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттің дәріптесу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердің қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық миравы, мәдениеттің дәріптесу

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежаупкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анаына сүйіспеншілікпен карарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тاماқтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденимпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Түганның 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сыйнап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамактар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (үйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуендей әндер) тындалу, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзак мерзімде іске асырылатын такырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік түрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын көңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насиҳаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыштарының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насиҳаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындастын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастырын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән береде

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар үйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру үйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, ұлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарада рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру үйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын үйымдастырады.

Білім беру үйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меншерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін үйимдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды үйимдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру үйимдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жүртішілық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастырының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сыйнип жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыйнипта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да занды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туган күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшил, ғұлама Қожса Ахмет Ясаудің туганына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX гасырдағы жарық жүлдөздарының бірі, жазушы, драматург Жазуыш Оралхан Бекейдің туганына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсат-ты ауди-тория	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	------------------------	----------------------	---------------	------------	-----------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП

1	<p>«Мектепке жол» акциясы</p> <p><i>Ұлттық мұдде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету</i></p>	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Биримжанова Л.А., Советхан Н., сынып жетекшілер	15.08-15.09
2	<p>1 қыркүйек - білім күні</p> <p><i>«Мектеп – мейірім мекені»</i></p> <p><i>Талап: білуге, жаңаны тануга құштар болу</i></p> <p><i>Ұлттық мұдде: ұлттық мәддениетті дәріппеу</i></p>	1-11 сыныптар	<p>«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық»,</p> <p>«Менің сүйікті мектебім»,</p> <p>«Менің алғашқы ұстазым»</p> <p>респубикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хәштегі</p>	Омарова А.Б., Кусаинов Е.С., сынып жетекшілер	1.09
3	<p>Құқық бұзушылықтың алдын алу</p> <p><i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i></p>	5-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Омарова А.Б., участекелік полиция қызметкері	1.09

4	«Қауіпсіздік сақтау ережелері» сынып сағаттары <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	II апта
5	Қазакстан Республикасы халқының тілдері мерекесіне арналған онкүндік <i>Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i> <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-11 сыныптар	Іс-шара жоспарлары	Садвакасова Г.С., Омарова А.Б., тіл мамандары, бастауыш сынып мұғалімдері	5.09-15.09
6	Отбасы күніне арналған іс-шаралар <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абырайын асыру</i> <i>Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесікенін сезіну</i>	1-11 сыныптар	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Омарова А.Б., Кусаинов Е.С., Ибрагимова М.Ж., сынып жетекшілер	8.09
7	«Булингтің алдын алу» әңгімесі <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	8-10	Хаттама	Биримжанова Л.А., Омарова А.Б., сынып жетекшілер	11.09
8	«Денсаулық және дұрыс тамақтану» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	1-4 сыныптар	Әлеуметтік желелерде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	III апта
9	«Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұлттық мұдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</i> <i>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</i>	5-11	Әлеуметтік желелерде жариялау	Сынып жетекшілер	III апта
10	«Дене сергіту» чөллендікі <i>Талап: физикалық белсенді болу.</i> <i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i> <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	5-11	Әлеуметтік желілерге жариялау	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	IV апта

11	«Еңбек күні» мерекесі Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету Ар-ұят: халқына адаптация қызмет ету	1-6, 9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынның жетекшілер	20.09-22.09
12	«Ұлан басы» лауазымына сайлау «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы Ар-ұят: сөзіне берік, ісіне адаптация болу қоғам игілігі үшін қызмет ету	7-11 сыныптар	Хаттама, сайлаудың қорытындысын әлеуметтік желіде жариялау	Аға тәлімгер	25.09

13	<p>«Окуға құштар мектеп» жобасы</p> <p>Талап: білуге, жаңаны тануга құштар болу</p> <p>Ұлттық мұдде: қазақ тілінің қолдану аясын көңейту</p>	1-11 сыныптар	Жылдық жоспар	Есенгулова Т.С., сынып жетекшілер	Жыл бойы
14	<p>«Қожа Ахмет Ясаудің хәл хикмет ілімі» сынып сағаты</p> <p>Қожа Ахмет Ясаудің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</p> <p>Ұлттық мұдде: ұлттық мұрага ұқыпты қарau.</p> <p>Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениеттi дәрiппеу</p>	7 сынып	Сынып сағатының жоспары	Оразалы Т.Ж.	22.09

15	Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жүлдіздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бекейдің туғанына 80 жыл <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мұдде: қазақ тілінің қолдану аясын көңейту</i>	11	Әзірлемелер. Әлеуметтік желіге жариялау	Есенгулова Т.С.	27.09
16	Қарттар күні <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i> <i>Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәрілтегу</i> <i>Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	1-9	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	25.09-29.09
17	«Діни экстремизмнің алдын алу жолдары» сынып сағаттары <i>Ұлттық мұдде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету</i>	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	25.09-29.09
18	Дебат клубының жұмысы <i>Ұлттық мұдде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету</i>	8-10	Әлеуметтік желіде жариялау	Т.Ж. Оразалы	Жыл бойы
19	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	Әр айдың 10 жүлдезы

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Сандияр Көбеевтің туганына 145 жыл
- Алаш жүргіткіші әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклорши, ғұлама галым Мәшихур - Жүсіп Көпееевтің туганына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихиы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туганына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсінбек Аймауытовтың туганына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүзділік Магжан Жұмабаевтың туганына 130 жыл
- Қазақ халқының XX гасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туганына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туганына 130 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1.	«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	2.10-6.10
2	Дублер күні Ар-ұят: адаптация Талап: дүрүс қарым-қатынас орната білу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі	2-11 сыныптар	Іс шара жоспары	Омарова А.Б., Кусаинов Е.С., мектеп кеңесі	5.10

	<i>Ушін қызмет ету</i>				
3	«Ұстаз – ұлы есім» мерекелік бағдарлама Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11сыныптар	Әлеуметтік желіде жаиялау	Омарова А.Б., Асхар Б., Кусаинов Е.С.	5.10
4	«Тұмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында дәріс	1-11	Әлеуметтік желіде жаиялау	Нұрымова Г.А.	10.10
5	Әлеуметтік топтағы оқушылар арасында сауалнама жүргізу Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	1-11	Хаттама	Советхан н., Ибрагимова М.Ж.	10.10 дейін

6	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік» сынып сағаты Ұлттық мұдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	9.10-13.10
7	«Репродуктивтік денсаулық» дәріс Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	8-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Нурымова Г.А.	10.10
8	«Зорлық-зомбылықтың алдын алу» сыныптан тыс іс-шара Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	5-7	Әлеуметтік желіде жариялау	Советхан Н.	11.10
9	Жалпы ата-аналар жиналышы Талап: дүрыс қарым-қатынас орната білу Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11 сыныптар	Хаттама	Әкімшілік, сынып жетекшілер	12.10
10	Қамқоршылық кеңесінің жұмысы Талап: халқына адад қызмет ету Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Ауыл белсенділері	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	12.10
11	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	5-8	Отырыстың хаттамасы	Омарова А.Б.	13.10

12	<p>«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін» сынып сағаттары</p> <p>Ұлттық мұdde: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу</p> <p>Ұлттық мұdde: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p>Ұлттық мұdde: Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу</p>	1-9 сыныптар	Әлеуметтік желіде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сыннып жетекшілер	11.10-15.10
13	«Ерте жүктіліктің алдын алу» дәріс	8-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Ибрагимова М.Ж.	12.10

14	«Көк тудың желбірегені» сынып сағаттары «Ұрпақша аманат» жобасы Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. <i>Ар-ұят:</i> әдеп нормаларын үстену	1-11 сыныптар	Іс- шара жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер	16.-20.10
15	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Кездесудің хаттамасы	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	19.10
16	«Төрт тоқсан – төрт өнер» Ақындар айтысы Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-11	Іс-шара жоспары	Садвакасова Г.С., Омарова А.Б., Асхар Б.	24.10 дейін
17	Республика күніне арналған салтанатты линейка Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-11	Линейка жоспары	Оразалы Т.Ж.	24.10
18	Мектеп кеңесінің жұмысы Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы

19	<p>«Спандияр Көбеев шығармашылығы» сыннып сағаты <i>(Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің түгелгінде 145 жыл)</i> Ұлттық мүддө: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	5-сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	23.10-27.10
20	<p>«Мен жастарға сенемін» сыннып сағаты <i>(Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүлдөзы Магжан Жұмабаевтың түгелгінде 130 жыл)</i> Ұлттық мүддө: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	6-сынып	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	23.10-27.10

21	«Шәкәрім – ұлы тұлға» сынып сағаты <i>(Ақын, жазушы, философ, тарихиы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)</i> Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	7-сынып	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	23.10-27.10
22	Сұлтанмахмұт Торайғыров – реалист ақын» сынып сағаты <i>(Қазақ халқының XX гасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл)</i> Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	8-сынып	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	23.10-27.10
23	Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл» сынып сағаты <i>A</i> <i>(Алаш жұрттының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі,</i>	9-сынып	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	23.10-27.10

	<p><i>фольклориши, ғұлама ғалым Мәшіүр -</i> <i>Жүсін Көпееевтің тұганына 165 жыл)</i></p> <p>Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>			
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--

24	<p>«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабактастырын насиҳаттайтын сынып сағаты («Еңбекі адап жас орен» жобасы)</p> <p>Ар-ұят: адап еңбекті құрметтейу</p>	1-4 сыныптар	<p>Сынып сағатының жоспары, әлеуметтік желіге жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер</p>	23.10-27.10
----	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------	------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------	-------------

25	«Төтенше жағдайлардағы іс-әрекет» дәрісі <i>Талап:</i> білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-11 сыныптар	Дәріс жоспары	Оразалы Т.Ж.	
26	Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай сыннып сағаты <i>Ұлттық мұдде:</i> Ұлттық мәдениетті дәрілтей	10-сынып	Сынып сағатының жоспары		26.10-29.10
27	«Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» сыннып сағаты (Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл) <i>Талап:</i> білуге, жаңаны тануға құштар болу <i>Ұлттық мұдде:</i> Ұлттық мәдениетті дәрілтей	11 сыннып	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сыннып жетекші, аға тәлімгерлер, гуманитарлық пәндер бірлестігі, төтенше жағдайлар	26.10-29.10
28	Құқық бұзушылықтың алдын алу көнсінің отырысы <i>Ар-ұяп:</i> әдел нормаларын ұстану	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	Әр айдың 10 жұлдызы

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Тірбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1.	15 қараша – Ұлттық валюта күні арналған сынып сағаттары Ұлттық мудде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Талап: Ұақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	1-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	6.11-10.11
2	II тоқсан «Алтын сақа» олимпиадасына қатысу	5-9	Әлеуметтік желіде жариялау	Абдуалиева К.Е., пән мұғалімдері	Тоқсан бойы
3	«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» сынып сағаты Ұлттық мудде: ұлттық мәдениетті дәріптейу	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	6.11-10.11
4	«Терроризм және оның зардалтары» сынып сағаты Ұлттық мудде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	5-11	Әлеуметтік желіге жариялау	Оразалы Т.Ж.	9.11
5	«Ерте жүктіліктің алдын алу» Ар-ұят: әден нормаларын ұстану	8-11	Iс-шара жоспары	Омарова А.Б.	10.11

6	«Жыныстық тиіспеушілік» <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	5-7	Іс-шара жоспары	Советхан Н.	13.11
7	«Булинг және кибербулинг» әңгіме <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	8-11	Іс-шара жоспары	Ибрагимова М.Ж.	13.11-17.11
8	«Менің құқығым» сынып сағаттары <i>Талап: білуге, жаңаны тануга құштар болу</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	16.11
9	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы <i>Ұлттық мұдде: қогам игілігі үшін қызмет ету</i>	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	16.11
10	Қамқорлық кеңесінің отырысы <i>Ұлттық мұдде: қогам игілігі үшін қызмет ету</i>	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Биримжанова Л.А., Омарова А.Б.	20.11-24.11
11	Поэзия айына арналған іс-шаралар <i>Ұлттық мұдде: қогам игілігі үшін қызмет ету</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	27.11-1.12
12	«Отбасылыш дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насиҳаттау сынып сағаттары <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	27.11-1.12
13	«Жемқорлыққа жол жоқ» сынып сағаттары <i>Ар-ұят: халқына адаптация қызмет ету</i> <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	27.11-1.12

14	«Жол жүру ережелерін еске тұсіреміз» жадынамасы <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-11 сыныптар	Әлеуметтік желіде жариялау	Кусаинов Е.С.	27.11-1.12
15	Мектеп кеңесінің жұмысы <i>Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы
16	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	Әр айдың 10 жүлдезы

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1	«Отаншылдық және оның мәні» сыныпсағаттары Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	4.12.-8.12
2	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» сынып сағаттары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	5-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	4.12.-8.12
3	Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	11.12-15.12
4	Тәуелсіздік күніне аясында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл- ауқатын нығайтуда білім үйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін	5-11 сыныптар	Іс-шара жоспары	Аширханов Д.Р., Құсайын Е.А., Нургалиев М.С.	11.12-15.12

	<i>қызмет ету</i>				
5	16 - желтоқсан Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау Ұлттық мүддө: қоғам игілігі үшін <i>қызмет ету</i>	1, 5-сыныптар	Іс-шараның жоспары	Кусаинов Е.С.	13.12

6	«Мейірімділік құндылығы» сыннып сағаттары <i>Ар ұят: достарына, сынныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту</i> <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-4 сынныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	18.12-22.12
7	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» сыннып сағаттары (Оқуға құштар мектеп) жобасы <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	5-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	18.12-22.12
8	«Жолда жұру ережелері» сыннып сағаттары <i>Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	25.12-28.12
9	«Абайдың ілімі» сыннып сағаттары («Толық адам» тұжырымдамасынан) <i>Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	5-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	25.12-28.12

10	Жасөспірімдер ортасында экстремистік идеяларының таралуын алдын алу жұмыстары <i>Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	5-11 сыныптар	Анықтама	Ерік Қ.З.	25.12
11	Мектеп кеңесінің жұмысы <i>Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	5-11	Iс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы
12	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Советхан Н., Ибрагимова М.Ж.	Әр айдың 10 жүлдезы

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Кысқы демалыс*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҮЯТ, ТАЛАП					
1	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» сынды сағаттары <i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i> Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу Ар үят: халқына адал қызмет ету	1-4 сынныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	8.01-12.01
2	III тоқсан «Ұлттық өнер» Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желілерде жариялау	Омарова А.Б., пән мұғалімдері, сыннып жетекшілер	Тоқсан бойы
3	«Елімді жырға қосамын» сынды сағаттары <i>(Тұған өлкө ақындарының шығармалары)</i> <i>(«Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы)</i> Ар-үят: Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну	5-9 сынныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	8.01-12.01

4	«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» сыннып сағаттары Талап: Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	8.01-12.01
5	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Омарова А.Б., Тапаева А.К., Советхан Н.	11.01
6	Қамқорлық кеңесінің отырысы Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Биримжанова Л.А., Омарова А.Б.	11.01
7	Мектеп кеңесінің жұмысы Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы
8	«Булинг деген не?» сыннып сағаттары Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	15.01-18.01
9	«Парасат – ақыл міnez жарыстыры» сыныпсағаттары («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Талап: Дұрыс қарым-қатынас орта білу Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адап болу	5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	15.01-18.01

10	<p>«Профі TIME» мамандықтар әлеміндегі сыннып сағаттары («Жеткіншектің Жемі жарғысы» жобасы)</p> <p>Талап: Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету</p> <p>Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу</p>	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	15.01-18.01
11	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу бойынша дәріс</p> <p>Ар-ұяты: әдеп нормаларын үстанию</p>	5-11 сыныптар	Түсіндірме жұмыстары	Омарова А.Б., Ішкі істер министрлігінің жергілікті өкілдері	15.01-18.01
12	<p>«Нашақорлықтың алдын алу» сынныптан тыс іс-шара</p> <p>Ар-ұяты: әдеп нормаларын үстанию</p>	8-11	Сыныптан тыс іс-шара жоспары	Советхан Н.	16.01
13	<p>«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» дәріс</p> <p>Ар-ұяты: әдеп нормаларын үстанию</p>	5-9	Әлеуметтік желіде жариялау	Нурымова Н.	17.01
14	<p>«Жыныстық тиіспеушілік» дәріс</p> <p>Ар-ұяты: әдеп нормаларын үстанию</p>	8-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Татаева А.К.	18.01.
15	<p>«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» сыннып сағаттары</p> <p>Талап: Салауатты өмір салтын үстанию</p>	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	22.01-26.01

16	<p>«Сен өз құқығынды білесің бе?» сынып сағаттары (Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу)</p> <p><i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормасын ұстану <i>Талап:</i> Дұрыс қарым қатынас орната білу <i>Ұлттық мұдде:</i> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p>	5-11сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	22.01-26.01
17	<p>«Жолы болсын әркімнің, орында жол тәртібін!» сыннып сағаттары <i>Талап:</i> Білуге, жаңаны тануға құштар болу <i>Ар-ұят:</i> әдеп нормаларын ұстану</p>	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.01-2.02
18	<p>«Отбасылық таланттар» сыннып сағаттары <i>Ұлттық мұдде:</i> Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</p>	5-7 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.01-2.02
19	<p>«Ерте жүктіліктің алдын алу» сыннып сағаттары <i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормасын ұстану</p>	8-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.01-2.02
20	<p>«Ерте жүктіліктің алдын алу» сыннып сағаттары <i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормасын ұстану</p>	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.01-2.02

21	«Патриотизм-ұлттық рухтың асқақ белгісі» дәріс Ұлттық мұдде: қоғам игілігі үшін <i>Қызмет ету</i>	8-9	Әлеуметтік желіде жариялау	Оразалы Т.Ж.	29.01.
22	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы <i>Ар-ұят: әден нормаларын ұстану</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Тапаева А.К. Советхан Н.	Әр айдың 10 жүлдезы

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» сынып сағаттары <i>(«Оқуға құштар» жобасы)</i> Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптей	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	5.02.-9.02
2	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» сынып сағаттары <i>(«Оқуға құштар» жобасы)</i> Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптей Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-9	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	5.02.-9.02
3	«Кітап – ақыл ойдың қазынасы» сынып сағаттары <i>«Оқуға құштар» жобасы</i> Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	5.02.-9.02
4	Құқық бұзушылықтың алдын алу кенесінің отырысы Ар-ұят: әден нормаларын ұстану	5-11	Сынып сағатының жоспары	Омарова А.Б., Тапаева А.К. Советхан Н.	Әр айдың 10 жүлдезы

5	<p>«Үйрен жақсы әдептен...»</p> <p>сынып сағаттары</p> <p><i>Ар ұят: Адал еңбекті құрметтей</i></p> <p><i>Талап: Білуге, жаңаны тануға ұмтылу</i></p>	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	12.02.-16.02
---	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------	----------------------------	------------------	--------------

6	«Тарихқа тағзым» сынып сағаты Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеге Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	12.02.-16.02
7	«Салауатты өмір салты» дәріс Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	1-4	Әлеуметтік желілелерде жариялау	Нұрымова Г.А.	19.02
8	«Зиянды әдептерден аулақ болу. Вейбтің зияны» Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	5-7	Әлеуметтік желілелерде жариялау	Советхан Н.	20.02
9	«Зиянды әдептерден аулақ болу. Лудомания кесірі» әңгіме Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	8-9	Әлеуметтік желілелерде жариялау	Тапаева А.К.	21.02
10	«Зиянды әдептерден аулақ болу. Нашақорлықтың зардантары» дәріс Ар-ұят: әдел нормаларын үстану	10-11	Әлеуметтік желілелерде жариялау	Омарова А.Б.	22.02
11	«Терроризм және экстремизмді алдын алу» дәріс Ұлттық мұдде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету	8-11	Әлеуметтік желілелерде жариялау	Оразалы Т.Ж.	23.02
12	«Сен және заң» сынып сағаттары Ұлттық мұдде: Қоғам иғлігі үшін қызмет ету Ар-ұят: Әдел нормаларын	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	12.02.-16.02

	<i>ұстану</i>				
13	«Мектептегі мінез- құлық ережелері» сынып сағаттары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <i>Талап:</i> Дұрыс қарым-қатынас орнату <i>Ар-ұят:</i> Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	19.02.-23.02
14	«Мектептегі мінез- құлық ережелері» сынып сағаттары («Жеткіншектің жеті жарғысы») <i>Талап:</i> Дұрыс қарым-қатынас орнату <i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормаларын ұстану	5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	19.02.-23.02
15	Алғыс айту күні <i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормаларын ұстану	5-11	Әлеуметтік желіге жариялау	Кусаинов Е.С.	22.02-28.02
16	«Мектептегі мінез- құлық ережелері. Булингтің алдын алу» сынып сағаттары («Жеткіншектің жеті жарғысы») <i>Талап:</i> Дұрыс қарым-қатынас орнату <i>Ар-ұят:</i> Әдеп нормаларын ұстану	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	19.02.-23.02
17	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» сынып сағаттары («Еңбегі адал жас өрен»)	1-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	26.02-1.03

	жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануга құштар болу Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу.				
18	Мектеп кеңесінің жұмысы Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1	«Аяулы менің анашым» сынып сафаты Ар-ұят: Отбасыны, өз ортасының абыройын асыру Талап: Білуге, жаңаны тануга құштар болу	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	4.03-7.03
2	«Ана - өмірдің шырағы» сынып сафаты Ар-ұят: отбасыны, өз ортасының абыройын асыру	5-9	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	4.03-7.03

3	«Имандылық – тәрбие негізі» сынып сағаты <i>Ар-ұят: Әдеп нормаларын үстелу</i>	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	4.03-7.03
4	«Көктем аруы» сайысы <i>Ар ұят: әдеп нормаларын үстелу</i> <i>Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	5-7 сыныптар	Сайыстың жоспары	Кусаинов Е.С., сыннып жетекшілер	4.03
5	Мектеп кеңесінің жұмысы <i>Ұлттық мұдде: Қоғам иғлігін үшін қызмет ету</i>	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы
6	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын үстелу</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Тапаева А.К. Советхан Н.	Әр айдың 10 жүлдезы
7	«Сал-дәстүрлерімізді сақтайық!» сыннып сағаты <i>Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	11.03-15.03
8	«Үміт қалған қалған салт-дәстүрлер» сыннып сағаты «Өнер мен құндылықтар» жобасы <i>Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i> <i>Ар-ұят: Әдеп нормаларын үстелу</i> <i>Талап: Сыни және креативті ойлау</i>	5-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	11.03-15.03

9	<p>«Ұлттық киім -ұрпаққа аманат» сыннып сағаты</p> <p>Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу</p> <p>Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</p>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	18.03-20.03
10	<p>«Қош келдін, әз-Наурыз» мерекесі</p> <p>Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</p> <p>Ар-ұяты: Әден нормаларын үстенеу</p>	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Омарова А.Б.	18.03-20.03
11	<p>«Ұлттық өнер» көрме</p> <p>«Төрт тоқсан – төрт өнер»</p> <p>Ұлттық мұдде: ұлттық мұраға ұқыпты қараша</p> <p>Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рия	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, еңбек пәні мұғалімі	Тоқсан бойы
12	<p>Дүниежүзілік театр күні</p> <p>Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	1-11 сыныптар	Iс-шара жоспары	Омарова А.Б., Кусаинов Е.С.	27.03

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Fылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҮЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1	«Табиғат тамашалары» сынып сафаты <i>Талап:</i> Салауатты өмір салтын ұстану	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	1.04-5.04
2	«Коқысты қайта өңдеу» сынып сафаты <i>Ар-ұят:</i> Адал еңбекті құрметтей <i>Үлттыхқ мудде:</i> Қозам иглігі үшін қызмет ету	5-9 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	1.04-5.04
3	«Салауатты өмір салтындағы дene белсенділігінің рөлі» сынып сафаты <i>Талап:</i> Салауатты өмір салтын ұстану <i>Талап:</i> Жеке және командамен жұмысістей білу	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	1.04-5.04

4	12 сәуір Ғылым күніне арналған сыйнып сағаттары Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға астсалысу Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді улес қосу	1-4 сыйныптар	Сыйнып сағатының жоспары	Сыйнып жетекшілер	8.04-12.04
5	12 сәуір Ғылым күніне арналған сыйнып сағаттары Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-11 сыйныптар	Сыйнып сағатының жоспары	Сыйнып жетекшілер	8.04-12.04
6	Мектеп кеңесінің жұмысы Ұлттық мұдде: Қоғам иғілігі үшін қызмет ету	5-11	Іс-шара жоспарлары	Кусаинов Е.С.	Ай бойы
7	Жалпы ата-аналар жиналышы Ұлттық мұдде: Қоғам иғілігі үшін қызмет ету	1-11	Хаттама	Әкімшілік	9.04
8	Күкік бұзушылықтың алдын алукеңесінің отырысы Ар-ұяп: әден нормаларын ұстану	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Тапаева А.К. Советхан Н.	Әр айдың 10 жүлдызы

9	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы Ұлттық мұдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Омарова А.Б., Тапаева А.К., Советхан Н.	11.04
10	Қамқорлық кеңесі Ұлттық мұдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Биримжанова Л.А., Омарова А.Б.	11.04
11	«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» тақырыбында әңгімелесу Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-9 сыныптар	Әлеуметтік желіде жариялау	Сынып жетекшілер	15.04-19.04
12	«Ұлы Дағы мұрагерлері» сынып сағаты Ұлттық мұдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу	10-11 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	15.04-19.04
13	«Ұлттар достастығы» сынып сағаты Ұлттық мұдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	22.04-26.04
14	«Бір шаңырақ астында» сынып сағаты Талап: Дұрыс қарым-қатынас орнатада	5-9 сыныптар	22.04-26.04	Сынып сағатының жоспары	Сынып сағаты
15	«Бірлігі жарасқан ел» сынып сағаты Талап: Дұрыс қарым-қатынас орнатада	10-11 сыныптар	22.04-26.04	Сынып сағатының жоспары	Сынып сағаты

16	«Тұған өлкем» «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мұдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-11 сыныптар	Жеке жоспар	Омарова А.Б.,Кусаинов Е.С.	Тоқсан бойы
17	«Женіс деген шат күлкісі баланың» сынып сағаты <i>Ар-ұят: Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қогамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</i>	1-4	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.04-3.05
18	«Ер мен жердің женісі» сынып сағаты Ұлттық мұдде: Қогам игілігі үшін қызмет ету	5-9	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.04-3.05
19	«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» сынып сағаттары Ұлттық мұдде: Қогам игілігі үшін қызмет ету	10-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	29.04-3.05
20	Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік Ұлттық мұдде: Қогам игілігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желіде жариялау	Кусаинов Е.С.	29.04-3.05

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Мақсатты аудитория	Аяқтау нысаны	Жүзеге асыруышы жауапты мамандар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН), АР-ҰЯТ, ТАЛАП					
1	«Оян, ар мен адалдық» сыннып сағаты Булинг, кибербулинг, лудомания мен құқық бұзушылықтың алдын алу <i>Ар-ұят: Сөзіне берік, ісіне адап болу</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	6.05-10.05
2	«Демалыс кезінде қауіпсіздік сақтау ережелері» <i>Талап: білуге, жаңаны тануга құштар болу</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	13.05-17.05
3	«Жыныстық тиіспеушіліктің алдына алу» сыннып сағаттары <i>Талап: Дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>	1-11	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	20.05-24.05
4	«Жасыл мектеп» акциясы Талап: салауатты өмір салтын ұстану Ар-ұят: адап еңбекті құрметтеу Ұлттық мудде: қоғам иғлігі үшін қызмет ету	1-11 сыннып	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы	Ай бойы
5	Жазғы демалыс ұйымдастыру Ұлттық мудде: Қоғам иғлігі үшін қызмет ету	1-11	Әлеуметтік желілерге жариялау	Омарова А.Б.	Ай бойы

6	«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты линейка Ұлттық мүдде: Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-11 сыныптар	Іс шара жоспары	Омарова А.Б., сынып жетекші	25.05
7	Күкің бұзушылықтың алдын алу көнешінің отырысы <i>Ар-яят: әдеп нормаларын үстану</i>	5-11	Хаттама	Омарова А.Б., Тапаева А.К. Советхан Н.	Әр айдың 10 жүлдізы
8	1-маусым балаларды қорғау күні Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-10 сыныптар	Іс шара жоспары	Омарова А.Б., Сыздыков Е.С.	1.06